

Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерін немесе консулдық мекемелерін шетелдіктердің ұсталуы және күзетпен ұсталуы жөнінде хабарлау туралы қағиданы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 3 қыркүйектегі № 87 және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 08-1-1-1/428 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 2 қазанда № 9774 тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 6-т. қараңыз.

2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 135 және 148-баптарын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерін немесе консулдық мекемелерін шетелдіктердің ұсталуы және күзетпен ұсталуы жөнінде хабарлау туралы қағида бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарына орындау үшін жолдансын.

3. Облыс, Астана және Алматы қалаларының прокурорлары, сондай-ақ оларға теңестірілген прокурорлар осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Халықаралық ынтымақтастық департаменті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасарларына жүктелсін.

6. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының	
Бас Прокуроры	
А. Қ. Дауылбаев	
2014 жыл 3 қыркүйек	
«КЕЛІСІЛДІ»	
Қазақстан Республикасының	
Ұлттық қауіпсіздік	
комитетінің төрағасы	

----- Н. Әбіқаев 2014 жыл 27 қыркүйек « К Е Л І С І Л Д І » Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы ----- Қ. Қожамжаров 2014 жыл 29 қыркүйек « К Е Л І С І Л Д І » Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы ----- А. Күреңбеков 2014 жыл 17 қыркүйек « К Е Л І С І Л Д І » Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі ----- Қ. Қасымов 2014 жыл 8 қыркүйек « К Е Л І С І Л Д І » Қазақстан Республикасының Қаржы министрі ----- Б. Сұлтанов «__» ----- 2014 жыл Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушы ----- Р. Дәленов 2014 жыл 30 қыркүйек		Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің атқарушы Р.С. Жошыбаев ----- 2014 жыл 26 қыркүйек
		Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 3 қыркүйектегі № 87 ж ә н е Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 08-1-1-1/428 бірлескен бұйрығымен бекітілген

Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерін немесе консулдық мекемелерін шетелдіктердің ұсталуы және күзетпен ұсталуы жөнінде хабарлау туралы қағида

1. Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері, соның ішінде қоса атқарушылар олардың азаматтары немесе олар өкілдік ететін мемлекеттің азаматтары Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негіздер бойынша ұсталған және күзетпен ұсталған барлық жағдайлар туралы осы Қағидамен белгіленген тәртіпте хабардар

е т і л е д і .

2. Хабарлама прокуратура, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттік кірістер, шекара қызметі органдарының және адамдарды ұстауды жүзеге асыру бойынша өкілеттік берілген басқа да органдардың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдарымен әзірленеді.

Егер Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, хабарламалар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне ж о л д а н а д ы .

Хабарламалар сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, сондай-ақ қадағалаушы прокурорға жолданады.

3. Шетелдікті ұстауды жүзеге асырған немесе оған күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы өтініш білдірген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам ол туралы ұстаған және сот күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялаған сәттен бастап 6 (алты) сағаттан аспайтын мерзімде хабарлайды.

Шетелдіктің жеке басын куәландыратын құжаттардың жоқ болуы немесе олардың дұрыс еместігі туралы негіз бар, тексеруге жататын құжаттар ұсынылған жағдайларда, жоғарыда көрсетілген хабарламалар ұсталған сәттен бастап 18 (он сегіз) сағаттан аспайтын мерзімде жолданады.

4. Хабарлама осы Қағиданың қосымшасына сәйкес нысан бойынша әзірленеді және мемлекеттік органдар арасындағы электронды құжат айналымы жүйесі, факс немесе телефонхат бойынша жолданады.

5. Ұсталған, күзетпен ұсталып отырған адамның шет мемлекеттің азаматтығына тиесілігі жеке басын куәландыратын құжат немесе оны алмастыратын құжат бойынша анықталады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар жоқ болса немесе олардың дұрыс еместігі туралы негіздер бар құжаттар ұсынылса, осы адамның азаматтығы ұсталу, күзетпен ұсталып отырған жері бойынша ішкі істер және шекара қызметі органдарының ақпараттық жүйелері арқылы тексеруге жатады.

6. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі хабарламаны із жүзінде ұсталуы, күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылуы сәтінен бастап 24 (жиырма төрт) сағаттан аспайтын мерзімде тиісті дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге жөнелтеді.

Хабарламаны дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге жөнелту ресми хат алмасу, электронды пошта, факс немесе телефонхат арқылы жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жыл сайын 30 (отызыншы) қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне, Қазақстан Республикасының Қаржы және Ішкі істер министрліктеріне:

Қазақстан Республикасымен бір уақытта консулдық мәселелер бойынша халықаралық шарттарға қатысушы болып табылатын мемлекеттер туралы;

Қазақстан Республикасымен бір уақытта қатысушы мемлекеттер азаматтарының ұсталуы, күзетпен ұсталуы жөнінде хабарлау міндеттемелері қамтылатын халықаралық шарттардың қатысушы болып табылатын мемлекеттер туралы ақпаратты ұсынады.

8. Осы Қағиданың 7-тармағында көрсетілген халықаралық шарттың Қазақстан Республикасына немесе халықаралық шартқа Қазақстан Республикасымен бір уақытта қатысушысы болып табылатын басқа шет мемлекетке қатысты қолданысы тоқтатылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тиісті халықаралық шарттың қолданысы тоқтатылған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағиданың 7-тармағында аталған мемлекеттік органдарды хабарландырады.

	Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерін немесе консулдық мекемелерін шетелдіктердің ұсталуы және күзетпен ұсталуы жөнінде хабарлау туралы қағидаға қосымша
--	--

Ш ы ғ ы с к ү н і м е н н ө м і р і

Шетел азаматының _____ жөніндегі

(ұсталғаны, күзетпен ұсталғаны)

ХАБАРЛАМА

УВЕДОМЛЕНИЕ

о _____ иностранного гражданина

(задержании, содержания под стражей)

1.	А з а м а т т ы ғ ы / Гражданство
----	--------------------------------------

2.	А т ы Ф.И.О.	—	ж ө н і /
3.	Туған күні, Дата и место рождения	айы, жылы және	туған жері /
4.	Жеке басын Документы, удостоверяющие личность	куәландыратын	құжаттар /
5.	Тұратын немесе Адрес проживания или регистрации	тіркелген	мекен-жайы /
6.	Ұсталған, күзетпен ұсталған уақыты, күні мен жері /Время, дата и место задержания, содержания под стражей		
7.	Ұсталу, күзетпен ұсталу себебі/ Причины задержания, содержания под стражей		
8.	Қ о с ы м ш а Дополнительные сведения	м ә л і м е т т е р /	

(Т.А.Ә. және лауазымы)

(қолы және мөрі)